

Куатова Г. А., Жақанбаева А. А., Сулеймен А. Е.
Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі

Мемлекет басшысы ұсынған «100 нақты қадам» –

Ұлт Жоспарында айқындалған міндеттерді жүзеге асыруға әрбір қазақстандық жауапты. Өйткені, осы маңызды құжатта көрсетілген бағыттар біздің қатысуымызбен жүзеге асырылады. Еліміздің дамудың жолына нақтылаған стратегиялық құжатқа Ұлт Жоспары деген атау берудің десірі осында. Өркен иетке бастайтын нақты қадамдарды жүзеге асыруға тұлғаның, халықтың мүдделі болуы – оның басты ерекшелігі.

Ұлт Жоспарының 76, 77, 78, 79-

қадамдарында білім саласын жаңғыртатын нақты міндеттер белгіленген. Соның бірі – жоғары сыныптармен жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшумәселесі. 79-

қадамда көзделген мақсат қалай жүзеге асырылады? Алдымен осыған тоқталсақ. Еліміздегі оқу орындарында жаратылыстану бағытындағы оқытылатын мамандықтар бойынша ғылым кітаптар аз. Көпшілігі аударма. Егер жаратылыстану ғылымдары ағылшын тілінде оқытылатын болса, теориялық білім берудің түрғысында жеңілдік болар еді. Ал бұл қажеттілік бізден не талап етеді? Әрине, даярланатын кадрлардың бәсекеге қабілетті болуын.

Бұл міндетті орындауда басты жауапкершілік педагогикалық оқу орындарына артылатыны белгілі. Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі – педагог кадрлар дайындайтын орта оқу орны. Ақырғы 7-8 жыл ішінде бұл оқу ордасындамыңғажуық мамандарланды. Кәсіби шеберлігі жоғары ұстазғасұраныстың да жоғары болатыны мәлім. Сондықтан, біздің басты мақсатымыз – сапалы мамандарлау.

Үштілді білім беру –

бүгінгі заман талабы, бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. Осы арқылы құзыретті хәм заман аутұлғаны қалыптастыра

аламыз. Қазақтілі–

Отанымыздың тілі, мемлекеттіктіліміз, біздің патриоттығымыздың белгісі болса, алағылшын және орыс тілдерін үйретудегі мақсат – ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан жастардың ертеңгі күніне бекнарығындағы сұранысқа сай болуын қамтамасыз ету.

Алдағы уақытта аталған меморандум аясында үш тілді дамытудың негізгі қағидаларын түсіндіру шеңберінде іс-

шаралар өткізу, жастарға мемлекеттік бағдарламалар, құқықтық, психологиялық, әлеуметтік бағыттар бойынша кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, оқытушылар құрамы мен студенттерге қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің деңгейлік курстарын ұйымдастыру көзделген. Сондай-ақ, жасалған келісімнің іс-

шаралар жоспарында тілдерді оқыту орталығы оқытушыларының сапалық құрамының деңгейін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамын тарту, жергілікті баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үштұғырлы тіл саясатын түсіндіру секілді нақты жұмыстар бар.

Ағылшын тілін үйрену тек қажеттілік деп түсіну – қате ұғым. Бұл алдымен білім сапасын жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам болмақ. Сондықтан, 2016 жылдан бастап мектептерде жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту қолға алынбақшы. Жалпы, оқушылардың білім көрсеткішінің өскелей әсер ететіндіктен, бұл бағытта атқарылатын жұмыстар «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы жанындағы «Білім және ғылым» сарапшы тобының бақылауында болады.

Ұлт Жоспары –

әлеуметтің әлеуетін арттыратын реформа, мемлекетті одан әрі дамытып, тәуелсіздік тұғырын бекітетін нақты қадамдар екені даусыз. Ол –

әлемдегі бүгінгі тұрақсыздық жағдайында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құжат. «100 нақты қадам» – Ұлт Жоспары ұлттың ерік-жігерін ұштап, заманның жаңа талаптарын қабылдай отырып, алға ұмтылуға жетелейді. Ортақ жауапкершілік жүктеп, ұлы істерге бастайды.

Сондықтан да, болашағымызды бағдарлап, кемел келешегіміздің көкжиегін анықтайтын ілкімді іске әрқайсымыз жұдырықтай жұмылып, өзүлесімізді қоса берейік.